

**ЎЗБЕКИСТОН ОММАВИЙ АХБОРОТ  
ВОСИТАЛАРИНИНГ ГЛОБАЛ ИНФОРМАЦИОН  
КЕНГЛИК ШАРОИТИДАГИ ФАОЛИЯТИ:  
МАҚСАД ВА ВАЗИФАЛАРИ**

**ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС ТАЪЛИМ  
ВАЗИРЛИГИ**

**МИРЗО УЛУҒБЕК НОМДАГИ ЎЗБЕКИСТОН МИЛЛИЙ  
УНИВЕРИСТЕТИ  
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТИ**

**ЎЗБЕКИСТОН ОММАВИЙ АХБОРОТ ВОСИТАЛАРИНИНГ ГЛОБАЛ  
ИНФОРМАЦИОН КЕНГЛИК ШАРОИТИДАГИ ФАОЛИЯТИ: МАҚСАД  
ВА ВАЗИФАЛАРИ**

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СМИ УЗБЕКИСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОГО  
ИНФОРМАЦИОННОГО ПРОСТРАНСТВА: ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ**

**THE ACTIVITIES OF THE MEDIA IN UZBEKISTAN IN THE GLOBAL  
INFORMATION SPACE: GOALS AND OBJECTIVES**

**халқаро иштирокдаги республика онлайн-масофавий илмий-амалий  
конференция материаллари**

**ТОШКЕНТ 2020**

Ушбу илмий мақолалар тўплами Марказий Осиё давлатларининг олий журналистика таълими марказлари, шу жумладан, Мирзо Улуғбек номидаги Ўзбекистон Миллий университети, Ал-Фаробий номидаги Қозоқ Миллий университети, Юсуп Баласоғун номи Қирғиз давлат университети, Бердах номидаги Қорақалпоқ Давлат университети ва қатор бошқа олий ўқув юртлари профессор-ўқитувчилари, ёш олимлари, изланувчиларининг ҳамда оммавий ахборот воситаларида фаолият кўрсатаётган журналист-тадқиқотчиларнинг журналистика, оммавий коммуникация, матбуот, телевидение, радио, интернет журналистикаси назарияси ва амалиётининг долзарб масалаларига бағишланган мақолаларни ўз ичига олган. Илмий мақолаларда ЎЗМУ журналистика кафедраси томонидан 2020 йил май ойида ўтказилган “Ўзбекистон оммавий ахборот воситаларининг глобал информацион кенглик шароитидаги фаолияти: мақсад ва вазифалари” мавзусидаги халқаро иштирокдаги республика онлайн-масофавий илмий-амалий конференцияси ҳамда 2019 йил ноябрь ойида ўтказилган “Журналистика таълими барқарор таракқиёт мақсадида” мавзусидаги II Марказий Осиё Халқаро семинари доирасидаги илмий маъруза ва баҳс-мунозаралар мазмуни ўз ифодасини топган.

Ушбу тўплам Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамаси томонидан тасдиқланган (№ 08-19-1. 01.03.2013 й.) “Ёш журналистлар малакасини ошириш, миллий ва хорижий ОАВ тажрибасини ўрганиш борасида белгиланган чоратadbирлар” режаси доирасида амалга оширилган.

## TABLE OF CONTENTS

<b>Sr. No.</b>	<b>Paper/ Author</b>
1	
<b>Кириш</b> <b>Page No.: 9-10</b>	
2	
<b>МЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ҒАЛАМДЫҚ АУЫЛ ПРЕАМБУЛА</b> <b>Сұлтанбаева Г.С., Әлқожа Б.О.</b> <b>Page No.:11-20</b>	
3	
<b>СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К ФОРМИРОВАНИЮ МЕДИЙНОЙ ГРАМОТНОСТИ</b> <b>Муминова Ф.</b> <b>Page No.: 21-24</b>	
4	
<b>КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСИ ШАРОИТИДА ОНЛАЙН “ДАВРАСУҲБАТЛАРИ”: МУАММО ВА ЕЧИМЛАР</b> <b>Тўхтамирзаев М.</b> <b>Page No.: 25-27</b>	
5	
<b>ЗАМАНАЛЫ ЖУРНАЛИСТИКА: ФАКТЧЕКИНГ ЖӘНЕ ВЕРФИКАЦИЯ</b> <b>Кәкен Қамзин, Думан Смақов</b> <b>Page No.: 28-34</b>	
6	
<b>ТЕЛЕВИДЕНИЕДА СЎЗ ВА ТАСВИР УЙҒУНЛИГИ</b> <b>Ибрагимов Ш.М.</b> <b>Page No.: 35-39</b>	
7	
<b>ГАЗЕТА ТИЛИ: ЖУРНАЛИСТЛИК ШЕБЕРЛИК ХӘМ ТИЛДЕН ПАЙДАЛАНЫЎДАҒЫ МАШҚАЛАЛАР</b> <b>Оразымбетова З.</b> <b>Page No.: 40-45</b>	
8	
<b>ТАШКЕНТТЕ ШЫҚҚАН «ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ САЯСИ БАҒЫТЫ</b> <b>Акынбекова А.Б., Мукушева Қ.С., Бакенова Р.Ш.</b> <b>Page No.: 46-55</b>	
9	
<b>СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯЛАРИ ФАОЛИЯТИДА МАТБУОТ ХИЗМАТИНИНГ ЎРНИ ВА РОЛИ</b>	

<b>Тураева Л.</b> <b>Page No.: 56-61</b>
<b>10</b>
<b>PERSPECTIVES OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ASSISTED CREATIVE WRITING PROGRAMS IN MEDIA</b> <b>Ashimova A.</b> <b>Page No.: 62-65</b>
<b>11</b>
<b>ҚАЗИРГИ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ</b> <b>Алимжанова А.Б., Маратова Д.Қ.</b> <b>Page No.: 66-71</b>
<b>12</b>
<b>ТИЛ ВА УСЛУБ МАТН ТАҲРИРИНИНГ БИРИНЧИ БОСҚИЧИ СИФАТИДА</b> <b>Тоҳиров З.Т.</b> <b>Page No.: 72-76</b>
<b>13</b>
<b>ЗАМОНАВИЙ ЖУРНАЛИСТИКАДА VR ТЕХНОЛОГИЯЛАРНИНГ ЎРНИ ВА ИСТИҚБОЛИ</b> <b>Саидова М.</b> <b>Page No.: 77-83</b>
<b>14</b>
<b>МИЛЛИЙ ТЕЛЕЭФИРДА ЯНГИ МАВЗУЛАР ТАЛҚИНИ (ЎЗБЕКИСТОН МТРК КАНАЛЛАРИ МИСОЛИДА)</b> <b>Раҳматуллаева И.</b> <b>Page No.: 84-88</b>
<b>15</b>
<b>ЛИНГВОСТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕКСТОВ ЖЕНСКИХ ЖУРНАЛОВ</b> <b>Исраил М., Тешабаева Д.</b> <b>Page No.: 89-92</b>
<b>16</b>
<b>РОЛЬ СМИ В РАЗВИТИИ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ ТУРИЗМА</b> <b>Турсунова Р.</b> <b>Page No.: 93-96</b>
<b>17</b>
<b>ИНТЕРНЕТ НАШРЛАРИ ВА ЎЗБЕК ТИЛИ ҚОИДАЛАРИГА РИОЯ ҚИЛИШ МУАММОЛАРИ</b> <b>Ҳамдамов Ю.</b> <b>Page No.: 97-103</b>
<b>18</b>
<b>МАТБУОТДА АНЪАНАВИЙЛИК ВА ЯНГИ ОМИЛЛАР</b> <b>Худойкулов М.</b>

<b>Page No.: 104-107</b>
<b>19</b>
<b>ТЕЛЕВИДЕНИЕНИНГ КОММУНИКАТИВ ФАОЛИЯТ ҚИРРАЛАРИ</b> Абдуллаева З.П. <b>Page No.: 108-111</b>
<b>20</b>
<b>ТЕХНОЛОГИЯ ИНТЕРВЬЮ И ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ</b> <b>ОСВЕЩЕНИЯ ТЕМЫ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ В ПРЕССЕ</b> <b>УЗБЕКИСТАНА И РОССИИ</b> Бозорова М. <b>Page No.: 112-115</b>
<b>21</b>
<b>МИГРАЦИЯ ЖАРАЁНЛАРИ ВА УНДА ОАВНИНГ ТУТГАН ЎРНИ</b> Зохитова Н. <b>Page No.: 116-121</b>
<b>22</b>
<b>МАССМЕДИАВИЙЛИК - ЗАМОНАВИЙ МЕДИАМАТННИНГ</b> <b>СИФАТИНИ БЕЛГИЛОВЧИ ОМИЛ</b> Шамаксудова С. <b>Page No.: 122-125</b>
<b>23</b>
<b>ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА</b> Алтаев Ж.А., Мухамеджанов Д.М. <b>Page No.:126-139</b>
<b>24</b>
<b>ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> Құрманбаева А.А., Нода Л.П. <b>Page No.: 140-148</b>
<b>25</b>
<b>ҚОРАҚАЛПОҚ МАТБУОТИДА БАДИИЙ-ПУБЛИЦИСТИК</b> <b>ЖАНРЛАР ТРАНСФОРМАЦИЯСИ</b> Палуанов Б. <b>Page No.: 149-150</b>
<b>26</b>
<b>ЖУРНАЛИСТЛИК ДӨЕТПЕЛЕРДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМЛЕРДИҢ</b> <b>ҚОЛЛАНЫЛЫҰЫ</b> Нурбекова Г. А. <b>Page No.: 151-155</b>
<b>27</b>
<b>ВИЗУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ КАК НОВАЯ ФОРМА</b> <b>КОММУНИКАЦИИ</b> Нажмиддинова Г. <b>Page No.: 156-158</b>
<b>28</b>

<b>ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> Әшірбаев Б.Т. <b>Page No.: 159-163</b>	
	<b>29</b>
<b>ЭТНОГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ</b> Бірлесбек Саягүл <b>Page No.: 164-166</b>	
	<b>30</b>
<b>РАДИО ВА ЁШЛАР МУАММОЛАРИ</b> Ҳамдамова Д. <b>Page No.: 167-174</b>	
	<b>31</b>
<b>БАҚ-ТАҒЫ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ</b> Ботобаева Ж.А. <b>Page No.: 175-181</b>	
	<b>32</b>
<b>ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ</b> Рушанова Н.Б. <b>Page No.: 182-187</b>	
	<b>33</b>
<b>АҒЫЛШЫН САЯХАТШЫЛАРЫ МЕН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯНЫ ЗЕРТТЕУІ</b> Тілепбергел А.М. <b>Page No.: 188-197</b>	
	<b>34</b>
<b>МУСИҚА МАДАНИЯТИ ФАНИНИ ЎҚИТИШДА АНЪАНАВИЙ УСЛУБ МОҲИЯТИ</b> Мирзаева Ф. <b>Page No.: 198-201</b>	
	<b>35</b>
<b>УМУМИНСОНИЙ ҚАДРИЯТЛАР НЕГИЗИ МИЛЛИЙЛИҚДА</b> Пирназарова Р. <b>Page No.: 202-203</b>	
	<b>36</b>
<b>НАРОДНАЯ ДИПЛОМАТИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ ВО ВРЕМЯ КРИЗИСА</b> Рашид Айед Р. Ал Ҳарби <b>Page No.: 204-207</b>	
	<b>37</b>
<b>RAQAMLI DIPLOMATIYA VA RAQAMLI SIYOSATNING MOHIYATI</b> Boboyev X. <b>Page No.:208-210</b>	
	<b>38</b>

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ  
КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН  
БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ**

*Рушанова Н.Б.  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің докторанты,*

Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары Орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табалады.

Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық көзқарастары мен бағыт-бағдарлары өте күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайларда қалыптасты. Ұзаққа созылған жаулаушылық саясат нәтижесінде құрылған жаңа



мамлекет – араб халифаты тек қана жерлерді, елдерді, территорияларды қосып қана қоймай, мамлекеттік дін дәрежесіне көтерілген ислам идеологиясы біріктірген әр түрлі мәдениеттерді қосып, жаңа қоспа (синкреттік) мәдениет туғызды [1, 15 б.]

Халифат өміріндегі ортақ дүниетаным мен алуан түрлі этномәдени элементтердің тығыз қарым-қатынасы оның ерекше қырларын қамтамасыз еткен. Араб философиясында Әл-Фарабиге дейін бірнеше ағымдар мен кезеңдер болды. Діни философияны VIII ғ. бас кезінде пайда болған мутакаллимдер қуаттады. Калам (араб: كلام) – Ислам дініндегі философиялық ілім. Негізін әл-Ашғари (873-935) қалаған. Бұл ілім VIII ғасырда пайда болып, IX ғасырда Орта Азия мен Қазақстанға кең тараған. Калам жолын ұстанушыларды мутакаллимдер дейді. Мутакаллимдер мен философтардың айырмашылығы: мутакаллимдердің ой-тұжырымдарын негізі Ислам принциптері мен осы дінге тән мәселелер болған, ал философтардың ойлары ақыл-парасаттың принциптеріне және антикалық философияның моделіне негізделген [2]. Мутакаллимдер құдайдың мәнісі, дүниенің түпкі сыры жөнінде құран қағидаларын бұлжытпай басшылыққа алды, табиғи заңдылық және табиғаттағы себептілік принциптеріне қарсы шықты. Олар болмыстағы барлық құбылыстар, оқиғалар тек бір құдайдың еркімен болады, «Құдайдың құдыретінсіз қурайдың басы да сынбайды» дегенді уағыздап, дәлелдеп бақты. Алайда араб халифатында, мамлекетінде ғылымның өркендеуі басқаша көзқарастардың, сенімдердің бой көтеруіне әкеп соқты. Олар мұсылмандық қатып қалған қағидаларға (догматтарға) қарсы бағыттап, рационалистік бағытты жақтаушылар мутазилиттер, яғни дәстүрлі діннен «бөлініп кетушілер» еді.

Мутазилиттер - Ислам тарихында пайда болған ағымдар қатарында өзіндік із қалдырған, Ислам ғылымына «Калам» саласын ендірген, Ислам философиясының іргесін қадаған, әлемге әйгілі Ислам философтарын шығарған, көне грек еңбектерін араб тіліне аударуда елеулі қызмет атқарған ағым. Мутазилиттер ағымы омеялықтардың халифалық тұсында (661-750) пайда болып, аббастықтар кезеңінде Ислам әлемінің ресми мазхабы болып бекітілді. Шамамен, бір ғасырдан аса өзінің ұстанған бағыты бойынша күресті. Батыс шығыстанушыларының айтуына қарағанда, «Мутазилиттер» деп аталудың себебі, олардың тақуа, дүниеге көңіл бөлмей, өмірдің қызықтарын тәрк еткені. Шынына келгенде, олардың бәрі дерлік бұл сипаттағы адамдар емес еді. Мутазилиттер Ислам ағымдарының ішіндегі діни мәселеде ақылды көбірек қолданатындығымен ерекшеленеді. Ақылға қонымсыз аят пен хадисті логикалық тәсіл бойынша түсіндірді. Әсіресе, сенім, иман мәселелерін дәлелдеу үшін алдымен ақылды төреші етті. Олар шарифатқа

қўрмет кўрсаткенімен аҳли мәселеде еркін еді. Кез келген бір мәселені әуелі ақылға салып таразылайды, ақылға қонымды болса алады, қонымсыз болса тәрк етеді.

Мутазилиттердің ақылға көбірек мән беруінің себебін ғалымдар былай деп түсіндіреді: Мутазилиттердің көне мәдениет пен өркениеттің ошағы болған Ирак пен Парсы аймағынан шығуы; олардың басым көпшілігі араб ұлтынан болмауы; Мутазилиттердің яһуди, христиан, әрі философиялық, еңбектерді араб тіліне енгізуге атсалысқан мұсылман емес кісілермен тығыз байланыста болулары көне философиялық пікірлердің оларға әсер етуі ағымы умеялықтардың билік кезеңінің соңына таман шығып, үкімет жағынан ешқандай қысымға ұшырамады. Өйткені, үкіметтің билігіне араласпады, халық арасында бүлік шығармады. Дегенмен, уақыт өткен сайын ел ішінде түрлі мақсаттағы топтар шықты.

Бір шетінен осы тұста араб-Ислам түсінігіне ақырындап үнді мен грек философиясы кіре бастады. Исламның алдында парсы мәдениеті грек философияның әсерінде болғандықтан, грек философиясы, мұсылмандарға парсылар арқылы келді. Сонымен қатар, суриянилер жолымен енді. Өйткені, суриянилер грек философияның мирасқорлары болатын. Мутазилиттер дәлел келтіру әдісінде осы философияның әсерінде болғандықтан, грек философиясын көбірек қолдануға кешті. Бұлай болуының мынадай себептері бар:

а) Мутазилиттертер грек философиясынан логиканы, түсіндіру әдісін толықтыратын идеялар, пікірлер тауып, осы нәрселерді үйреніп, өзгелермен пікір сайыста қолданыл отырды.

б) материалист философтар мен өзге де кісілер Исламның иман негіздеріне қарсы шығуы нәтижесінде Мутазилиттер оларға тойтарыс беру үшін философиялық, және логикалық тәсілдерді меңгеруді мақсат етті. Өйткені, Құдайға, Пайғамбарға сенбеген адамға діни дәлел келтіру әбестік, әрі күлкілі жәйт екенін ұқты. Сондықтан, аһли дәлел келтірумен Аллаһтың бар екендігін, Пайғамбарлық хақ екендігін айғақтады. Философтарды жеңу үшін олардан көп нәрсе үйреніп, ақыры мұсылман философтарының шығуына ұйытқы болды. Мутазилиттер Ислам ғылымына «Калам» (иман негіздерін зерттейтін, Аллаһтың барлығын, жалғыз екендігін зерттейтін сала), «Илми бәләғат» (шешендік өнер), «Жәдәл» (пікірсайыс) секілді жаңа білім саласын енгізді. Бұл ғылымдар арқылы Исламға қарсы келушілерге керекті жауапты жан-жақты етіп келтіріп отырды. Мутазилиттердің Аллаһтың бар және бір екендігін түсіндірудегі әдістері Спиноза (1632 - 77) арқылы Батыс философиясына әсер еткендігін Батыс ғалымдары мойындаған. Мутазилиттер өз арасында 18 тармаққа бөлініп

кеткенімен, діни мәселені түсіндіруде ұстанған ортақ негізгі бес қағидасымен ерекшеленеді.

1) Таухид (Аллаһты бір деу): Аллаһ Тағала әрі зат, әрі сипат тұрғысынан жалғыз. Аллаһтың сипаттары оның затымен бірге, одан тыс болмайды. Аллаһ жаратылған ешбір нәрсеге ұқсамайды және ақыретте адамдар көре алмайды.

2) Адл (әділдік): Аллаһ Тағала әділ. Пенделерге ешқашан зұлымдық етпейді. Пенде Аллаһтың өзіне берген еркіндігі мен қалау еркіндігі арқылы жақсылық пен жамандықты істейді. Пенденің әр ісіне Аллаһ араласпайды. Керісінше, Аллаһ пендеге керекті нәрсені жаратуы мәжбүр деуде. Бұл түсінік бойынша, тағдыр деген жоқ. Себебі, тағдыр болса, пендеде ерік болмайды.

3) Аллаһтың сөзі, уәдесі: пенде иман келтіріп, дұрыс жолмен жүріп дүниеден өтсе, сауап жазылып, сый беріледі (әл-уағд/сөзі). Керісінше, имансыз болып, яки үлкен күнә істеп, тәубе етпестен өлсе, азапқа ұшырап, мәңгілік тозаққа қалуға лайық болады (уәлуағид/уәдесі). Аллаһ Тағала үлкен күнәйі тәубе етпестен кешірмейді. Сондай-ақ, мүмін тозаққа күнәсін өтеу үшін барып, одан кейін жәннатқа барады деген нәрсе жоқ. Тозаққа бір кірген адам қайта шықпайды.

4) Екі мекеннің арасындағы бір мекен: үлкен күнә істеген мүмін кісі иманнан шығады. Өйткені, амал иманның бір бөлігі. Бірақ, кәпір де болмайды. Алайда, иман мен күпір арасында бір жерде немесе екі мекеннің арасындағы бір мекенде, яғни өтпелі жағдайда болады. Ондай кісі өлгенге дейін мұсылман болып есептеледі. Егер істеген ісіне тәубе етсе - иманға келгені, етпесе - кәпір болып тозаққа барады деуде.

5) Жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю, жақсылыққа үндеу, жамандықтан тыю әрбір мұсылманға парыз.

Араб философиясындағы жетекші бағыт перипатетизм, яғни аристотелизм болды. Бұлар да бірсыпыра өзекті мәселелер тұрғысында Құран қағидаларына қайшы келді.

Перипатеттер мектебі, перипатетизм (грек. *peripateo серуендеу*) Аристотель философиясының ізбасарлары. Аристотель өзінің тыңдаушыларымен лицей бағында серуендеп жүріп сабақ беріп, пікір алысуды әдетке айналдырған. Осыған байланысты оларды Перипатеттер мектебі деп атаған. Перипатетизм бағытын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

**Бірінші кезең** (б.з.б. 4 – 1 ғасырлар) мектептің жетекшісі Теофрасттан кейін Перипатеттер мектебінің жетекшілері Стратон, Ликон, Аристон Кеосский, Критолай, т.б. болды. Бұл кезеңдегі Перипатеттер мектебінде Аристотель ілімін теор. философия жағынан дамытудан гөрі жеке ғылым салаларымен (философия, т.б.) көбірек шұғылдану басым болды. Мысалы, Теофраст логика саласынан жаңалықтар ашып,



Материализм - материя, табиғат, болмыс алғышқы, ал сана, рух, ой - материяның қасиеті болғандықтан туынды деп санайтын, идеализмге түбірінен қарама-қарсы ғылыми-философиялық бағыт. Материалисттік ілім бойынша дүние, табиғат мәңгілік, ол жаралмайды да, уақыт пен кеңістікте шексіз-шетсіз өмір сүреді. Материализм адам санасын, ойын сыртқы дүниенің бейнесі деп қарастырып, дүниені танып білуге болатынын дәлелдейді. [2]

Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактаттарын терең талдай келіп, Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап өтеді. Олар: 1) дүниенің мәңгілігін тану, 2) детерменизм – зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу - ғылым-білімнің қайнар көзі, 3) адам жанының өшпейтіндігін теріске теріске шығарған ақыл туралы ілім. (Детерминизм (жантану) – табиғатта және қоғамда кездесетін оқиға, құбылыстарды, оның ішінде адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстығынын себептестігінің заңдылығын зерттейтін ілім. Детерминизм – психология ғылымының негізгі принциптерінің бірі (себеп-салдар мәселелерін қарастырады). [2] Детерминизм принципі – философиялық және әдіснамалық ұстаным бойынша, табиғат пен психологиялық құбылыстардың бәрі материалдық себептер мен заңдардың әсер етуінен пайда болады деп түсіндіреді. Детерминизм адамның тіршілігі мен іс-әрекетінің бәрі қоғамның тарихи дамуының нақты жағдайларымен байланысты, әрбір құбылыс белгілі себептен туындайды деп қарайды. Бұл принципті іс-әрекеттің әдіснамалық негізі ретінде ұстанған психологиялық зерттеулердің нәтижелігі дәлелді болады). Бұл үш принцип – Фараби философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады. [1, 20 б.]

Биыл ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды. Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр

эл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы эл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» деген екен.

Эл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Эл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады. [4]

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Көбесов А. Әбу Насыр Эл-Фараби. – Алматы, 2004. 15-22 б.
2. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1.
3. Алтаев Ж. Фарабитану. – Алматы, 2019. 34-43 б.
4. Айтаханов Қ. Эл-Фараби жылын атап өтсек. – Egemen Qazaqstan, 17 шілде, 2018.

#### **АҒЫЛШЫН САЯХАТШЫЛАРЫ МЕН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТА АЗИЯНЫ ЗЕРТТЕУІ**

*Тілепберген А.М.,  
Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
журналистика факультетінің PhD докторанты  
Алматы, Қазақстан.*

«Қазақ» деп аталатын ұлтымыздың мекені, қасиетті даласы ежелден-ақ шетел миссионерлері мен саяхатшыларының қатты қызығушылығын тудырған. Адамзат тарихында «Ұлы географиялық жаңалық (ашылу)» деп аталатын заман XV ғасырда басталып XVII ғасырға дейін жалғасқан. Осы уақыттар аралығында